## Қорғаныс мұқтаждары үшін жер телімдерін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 591 қаулысы

"Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Тараз қаласының жерлерінен қорғаныс мұқтаждары үшін " Жамбыл аудандық пайдалану бөлімі" мемлекеттік мекемесіне және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Әскери-техникалық мектеп" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына жер телімдері тұрақты жер пайдалану құқығымен берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 20 маусымдағы
N 591 қаулысына
қосымша

## Қорғаныс мұқтаждары үшін берілетін жерлердің экспликациясы

(гектармен)

| р/с N | Берілетін жерлердің нысаналы мақсаты | Жердің құрамы | Жалпы алаңы |
|---|---|---|---|

### "Жамбыл аудандық пайдалану бөлімі" мемлекеттік мекемесі

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Орналастыру үшін: 85395 қорғаныс бөлімі | Өндірістік құрылыстар | 7,5 |
| | басқа объектілер мен құрылыстар | Өндірістік құрылыстар | 16,0 |
| | әскери госпиталь | Тұрғын үй құрылыстары | 1,4 |
| | Жиыны | | 24,9 |

**"Әскери-техникалық мектеп" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына**

2 Әкімшілік ғимаратын орналастыру үшін Өндірістік құрылыстар 1,7

-----------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК